



«Біздің ойлағанымыз ел-жүрттың қамы...»

XX ғасырдың басы әлем тарихында үлкен өзеге-риң пен төңкеріс дүрбеленімен есте қалды. Осы тарих сахнасында қазақ халқының да тағдыры шешілді. Сондықтан 70 жылдық Кеңестік деуір туралы сөз қозға үшін көптеген ізденістер мен мындаған мұрағат құжаттары мүқият зерттеуді қажет етеді. Ғасыр басындағы тарих керуенінің жүргіс-тұрысын үтінуге септігі тиер деген оймен бұл естіген естелікті жазуды қолға алдым. Әңгіме ұлагатты ұстаз Елеусіз Құлымбетулының 1917-18 жылдары Кенес екіметінің Ташкент қаласында ақ, қызыл болып соғысып жатқан аумалы-төкелі заманда өмір сурғен қазақтың қайраткері ұлы Дүйсебай Нысанбай-ұлынан естіген естелігі туралы болмақ. Бірақ, бұл үзақ әңгіме. Біз естеліктің тек Тұрар ағамызға қатысты түсын ғана алып отырмыз.

Дүйсебайдың әңгімесі

«Тұрар қазақ ұлты емес, жалпы түркі жүрттың қамын жеген адам болды. Сөүір айның соңғы күндерінің бірінде Тұрар менімен онаша кездескендे:

— Сізге сенүуге бола ма? Бір құпия жұмыс бар, — деді.

— Неге сенбеске, сенімге лайықсыз ку болсам сұрамас едің гой, айтқын, құпияны сақтай білетін жаңбыз.

— Олай болса бүгін кешке менің үйіме екі жараулы атты тауып қосаққа ала келсөнз. Мәселеңі үйге келген соң түсінерсіз.

Мен өзімнің сенімді адамдарым арқылы аттарды тауып түнделетіп Тұрардың үйіне көлдім. Ішке кірсем төрдө Тұрар, Мұстафа Шоқай мен. Мұхамеджан Тынышпаев үшеші әңгімелесіп отыр екен. Оларға мен туралы Тұрар айтқан болу керек, мен сөл тіксініп қалдым. Себеп, ЧК-ның Мустафанды көрсөн дереу тутқындау, мүмкіншілік болмаған жағдайда кезін жою туралы нұсқауы бар болатын. Соны сезген Тұрар: «Дүйсеке, біз бодан елдің оқыған үлдарымыз, бұл жіллітердің де, сіз бен біздің ойлағанымыз ел-жүрттың қамы, басқа мүдде жоқ. Сондықтан ел қамын жеген ер-азаматтар барлық заманда ел үшін қажет, елдеқалай заман боларын кім біледі? Орталықтың берген тапсырмаларына бас шүлгі бермей, бір-бірімізді қорғап, ез халқымыздың мүддесін бірінші мәселелде ойлауымыз керек» деді. Содан олар да жиналып дайын отыр екен. Мен Тұрардың етінішімен әкелген салт аттарға Мұстафа мен Мұхамеджанды отырығызып, алдында өзім жүріп, Ташкент қаласы күзетінен аман-есен Шенгелді стансасына қарай еткізіп жібердім. Солай бул ісіміз сол құпия қуйнде қалды гой. Енді, міне, саған бірінші мәрте айтып отырмын.

Жұмыс бабында Мәскеуге барғанда Тұрардың үйінде талай қонақта болдым. Тұрармен өмірінің сонына дейін жақсы қатынаста болдық» деп әңгімесін аяқтады Елеусіз Құлымбетулы.

*Курманғали ОРАЗБАЕВ,
ғалым,
М.Әуезов атындағы Оқу-дін факультетінің
деканы.*